

Садулова Жайнагуль Кемаладиновнаның
«6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасында
көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері (батыс өңірі
материалдары негізінде) диссертациясына

ПІКІР

Жаһандану мен белсенді интеграциялық үдерістер жағдайында көптілді білім беру кеңістігінің қалыптасуы мен жүзеге асырылу мәселелері айрықша маңызға ие болып отыр. Көпұлтты және көпмәдениетті мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы көптілділікті дамытуға, азаматтардың халықаралық білім беру және кәсіби кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда. Сонымен бірге көптілді білім беруді енгізу үдерісі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің арасындағы теңгерімділік, тілдік бірегейлік, әлеуметтік стратификация және сапалы білімге тең қолжетімділік мәселелерін қамтитын бірқатар әлеуметтік-лингвистикалық қайшылықтармен қатар жүруде. Осы тұрғыдан алғанда, көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін, факторларын және салдарын айқындауға бағытталған зерттеу дер кезінде қолға алынған және қоғамдық тұрғыдан маңызды зерттеу болып табылады.

Қазақстанның батыс өңірі тілдік, этномәдени және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ерекше аймақ болып табылады. Өңірдегі көптілді білім берудің жай-күйін ғылыми тұрғыдан зерделеу бүгінгі күнгі болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің бағытын, маңызды қырларын анықтауға мүмкіндік береді. Өйткені білім беру қоғамның барлық өмір сүру қатпарларын қамтиды және де білім беру саласы қоғамды жоғары санаттағы мамандармен қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік қатпар болып табылады. Осы орайда әлемдік экономикалық қауымдастыққа кірігудің талабы ретінде көптілді білім беруді жүзеге асыру заманауи нәтижелі қадам деп айтуға болады. Әлеуметтік тұрғыдан өзекті болып табылатын зерттеудің нәтижелері сонымен қатар өңірлік тіл саясатының жүзеге асырылу ерекшеліктерін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің өзара әрекеттесу заңдылықтарын анықтап, әлеуметтік-экономикалық үдерістің өзекті мәселесін шешу жолдарын анықтауға да мүмкіндік береді. Осыған байланысты Ж.К. Садулованың зерттеу жұмысы қазіргі мемлекеттік тіл және білім беру саясатының басым бағыттарына толық сай келеді, отандық әлеуметтік лингвистиканың дамуына үлес қосады және ғылыми әрі практикалық маңызы зор деп айтуға болады. Ал кешенді әдістемелік тәсілдің қолданылуы, теориялық және эмпирикалық әдістердің дұрыс таңдалуы жиналған материалдың репрезентативтілігі арқылы қамтамасыз етілген. Зерттеудің теориялық іргетасы әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика және қостілділік пен көптілділік теориясы салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жасақталған.

Ж.К. Садулова зерттеуінің эмпирикалық бөлімі еліміздің батыс өңірі халқы арасында әртүрлі жас, әлеуметтік және кәсіби топтарды қамтыған кең ауқымды

әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама нәтижелеріне негізделген. Статистикалық және корреляциялық талдау әдістері қолданылып, зерттеу қорытындыларының объективтілігі қамтамасыз етілген. Алынған нәтижелер мен жасалған интерпретациялар, қорытындылар тұрғындардың тіл меңгеру деңгейі, уәждемелері, тілдік орта және әлеуметтік факторлар арасындағы өзара байланыстарды дәл анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі теориялық тұжырымдардың эмпирикалық деректермен үйлесімділігімен, сонымен қатар халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда апробациялануымен, Scopus базасына енгізілген рецензияланатын журналдардағы жарияланымдарымен дәлелденген. Осылайша әдістемелік бірізділік, зерттеу әдістерін дұрыс қолдану және талдау процедурасының айқындығы диссертация нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететінін айтуға болады. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстанның батыс өңіріндегі көптілді білім беруді әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан алғаш рет кешенді талдауға алынуында. Зерттеу барысында қазіргі Қазақстан жағдайында көптілді білім беру кеңістігінің қалыптасуы мен дамуына әсер ететін әлеуметтік-лингвистикалық факторлар жүйеленіп, олар алғаш рет кең ауқымды эмпирикалық деректер негізінде талданған. Зерттеудің практикалық маңызына келетін болсақ, оның нәтижелерін Қазақстан Республикасының орта және жоғары білім беру жүйесінде, көптілді білім беру саясатын іске асыруда қолдану мүмкіндігі бар деп айта аламыз.

Диссертациялық жұмысты дайындау барысында Ж.К.Садулова жоғары деңгейдегі белсенді ізденушілік қабілетін таныта білді. Диссертанттың керек статистикалық материалдарды іздеу, оларды қажетті деңгейде өңдеу, интерпретациялау мен диссертацияның мазмұнына сай қолдануы, респонденттермен жүргізілген арнайы сауалнамалық зерттеулері және басқа да қажетті ғылыми іс әркеттері жұмыстың тиянақты, талапқа сай орындалуының себебі болды деп айта аламыз.

Қорытындылай келе, Садулова Жайнагуль Кемаладинқызының «Қазақстан Республикасында көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері (батыс өңірі материалдары негізінде)» тақырыбындағы дайындаған диссертациясы осы тектес жұмыстарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес, сонымен қатар лингвистикалық ғылымды дамытуға қосатын салмақты үлесі бар ғылыми жұмыс болып табылады. Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде Ж.К.Садулованың диссертациялық зерттеу жұмысын өзі ізденіп отырған 6D020500– «Филология» философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге болады деп санаймыз.

Отандық ғылыми кеңесші:

Педагогика ғылымдарының
докторы, филология ғылымдарының
кандидаты, доцент



Б.Ж. Курманова